

Тақырыбы: «Аяулы, Анашым!».

Мақсаты: Анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, Ананы құрметтеу, сыйлай білуге, балалар бойындағы жеке қабілеттерімен таланттарын дамыту, адамгершілікке, ізгілікке, достықты қастерлей білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар.

Аналардан туған небір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар, қасиетті аналар!

Құрметті ата-анлар, қымбатты ұстаз - аналар, арулар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, тағы да 8 - наурыз халықаралық әйелдер күні келді. Осынау көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар - өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүниенің өзі тек аналармен ажарлы. Бүгінгі арайлап атқан нұрлы таңмен бірге әрбір сәби жүрегі өзің деп соқса, бүгінгі мерекелік кешіміз де аналарға арналады.

Сіздерден өскен балалар

Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мейраммен,

Құрметті абзал аналар, - дей келе ортамызға **№ 10 «Айгөлек» тобының** тәрбиленушілерінің сіздерге арналған тартуларын қабыл алыңыздар

1. **Балалардың кіруі:** Залға топ балалары қатармен кіреді
2. **Хор ән:** «Аяулы анашым!
3. **Маймылдардың кіруі «Көктем келді көрінісі»**

(Маймыл жүгіріп шығады).

Анасы: Шаршап кеттім осылардан. Менің айтқанымды түкте тыңдамайды. Уфф бір жерге отырғызып кетсем қайтып айналып келгенше ол баланы табалмайсың (айналып жүреді). Не істесем екен а? Соған балаларыма ұрсып-ұрсып ашуланып далаға ашуымды жазып келейінші деп шығып кетіп едім. Уфф демалып алайыншы.

(Сол кезде екі маймыл баласы бір – бірін сүйрете шығады

1маймыл бала: - Бармаймын дедім зой бармаймын.

2маймыл бала: -Туу жүрші енді

1маймыл бала: -Соскам қалып кетті зой – Соскааам

(Отырып соскам менің деп жылайды).

2маймыл баласы: Жүгіріп барып соскасын әкеліп береді.

-Аш аузыңды – Мә сосқаң.

-**Анасы:** Айттым зой әні бұлар өте бұзық уфф тағы не болды?

2маймыл бала: Жылай бересің, жылай бересің, жүр анамызға барайықта, анасының қасына келіп Анашым мынау жылай береді.

1маймыл бала: Анашым менің қарным ашты, менің сүт ішкім келіп тұр.

Анасы: Мен сендерден демалайын десем тыныштық бермейсіңдерзой. Қарның аштыма? басын сипап жарайды деп- бутулкадағы сүтті әкелуге шығып кетеді.

2маймыл бала: Мен сені сүйреймін деп ақ әбден шаршадым, ойнайда алмаймын сені

сүйреймін де жүремін.

1маймыл бала: Қазір анам бізге сүт берсін тойып алайын тағы да бір нәрсе бүлдіреміз я

2маймыл бала: Нені бүлдіреміз?

1маймыл бала: Айтпаймын күшті нәрсе ойластырып қойдым.

Анасы: Сүт желіп береді, үйге жүріңдер көктем келді, күн жылынды. Үйдің ішін, бау-бақшаны жинайын, ал сендер тып-тыныш қана отырыңдар.

2маймыл бала: Анашым біз осы жерде қала берейікші.

1маймыл бала: Жоқ бармаймыз қала берейікші.

Анасы: Мені тағыда ренжіткілерің келіп тұрма жүріңдер – деп екі қызын сүйретіп шығып кетеді.

Жүргізуші: Балалар бұл балалар бұзық екен. Ал сендер бұзық емессіңдер ғой я? Олай болса аналарымызға арналған тақпақтарымызды қабыл алыңыздар.

4. Тақпақтар:

Гүлбағым

Аспандағы айымсың,

Бақытыма балаған.

Құтты болсың мерекең,

Айналайын жан анам

Ерасыл

Мәпелейсің мені анам,

Қолыңдағы құсыңдай

Құлпыра өсіп дем алам

Құшағыңда қысылмай

Айым

Ана біздің күніміз,

Ана біздің гүліміз.

Аналардан тарайды,

Біздің ана тіліміз.

Ә. Димаш

Әлпештеген аялаған

Ақ сүт берген маматайым

Сәлем жазып бүгін саған

Мейрамыңмен құттықтаймын

Раяна

Аялаған анашым,

Мәпелеген анашым,

Менің саған тілегім,

Қартаймашы анашым.

Алишер

Бөбегіңнің сыйлығын,

Қабыл алы анашым.

Ұзақ өмір жүз жасап,

Ауырмашы анашым.

Шұғыла

Бізге қарап елжіреп,
Сүйіп беттен ақ мамам.
Құшақ аша келші деп,
Жүгіремін шаттанам.

Мұхаммед

Анаң болса қасыңда
Басқа бақыт не керек
Аналардың жүрегі
Мейірімді ғой керемет

Құралай

Бүгінгі көктем күнінде
Барлық адам қуанар
Аналарды мейраммен
Құттықтайды балалар

Нұрдәулет

Ақ анашым, аппағым.
Өзің жайлы тақпағым
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрін де.

А. Амина

Ақ қабақты анашым
Күн сәулесі анашым
Әлпештеген баласын,
Айналайын анашым.

5. Көктем ханшайымының кіруі

(Әуенмен көктем кіреді.)

Көктем: Сәлеметсіңдер ме, балалар?.

Міне келдім табиғатты оятып,

Күн күркірі нөсермен тоя түп.

Ағаштардың тамырына қан жүріп,

Жапырағын жасыл түске боятып.

- Қандай әдемі болып құлпырып кеткенсіңдер!

Жүргізуші: Қош келдіңіз Көктем ханшайымы! Төрлетіңіз бізде бүгін аналарымыздың мерекесі өтіп жатыр, бізбен бірге болып балаларымыздың өнерлерін тамашалаңыз, қонақ болыңыз.

6. Би «Армысың көктем» қыздар тобы

7. Маймылдардың кіруі «Кір жаю көрінісі»

Ана маймыл кір жайуға тазиктегі кірін көтеріп шығады. Ал қыздары бір – бірін сүйрете алысып артынан шығады.

Анасы: Осы күні кір жуып жайудан ақ шаршадым. Үстеріңді былғайсыңдар да жүресіңдер.

2маймыл бала: Анашым неге күніге кір жуа бересіз?

1маймыл бала: Жуа береді, жуа береді.

Анасы: Сендер тағы бірдеңе бүлдірейін деп отырсыңдарма? Қане мұнда отырыңдар. Ал мен мына сендердің кірлеріңді жайып алайын – деп кірлерін жая бастайды. Ал қыздары жайған кірлерін шешіп алып жер сүртіп ары-бері лақтырып ойнай кетеді.

Анасы: Мына балаларды ай шаршаттыңдар, не бүлдірдіңдер – деп ары бері қуып жүреді де қыздары қашып кетеді. Ал аналары шашылған кірлерін тазикке жинап алады да ренжіп столға барып отырады.

Жүргізуші: Балалар маймылдың қыздары анасын ренжітті. Дұрыс істеді ме балалар? Жоқ. Мен аналарына барайын. Маймылдардың анасы сіз ренжімеңіз. Олар әлі бала ғой.

Анасы: Қалай ренжімейсің? Олар өте бұзық. Кір-кір болып жүреді. Үйді жинап, бау бақшаны тазалап көктем мезгілін асыға күтіп әсем гүлдер егіп болып кір киімдерін жорға жуып біткенімде не істегенін көрдіңіздер ғой, қалай ренжімеймін. Енді қашан кірді жуып бітемін (мұңайып күрсінеді).

Жүргізуші: Мұңаймаңыз, бүгін мереке ғой сіздің көңіліңізді көтеру үшін біздің балаларымыздың тамаша биін көріп тамашалаңыз.

Анасы: Шынымен көңілімді көтеріп берема? Сондай ақылды балалар барма өзі? Ой қандай тамаша...

7. Би: «Большая стирка» ұлдар тобы

8. Тақпақтар:

Санам

Анамды мен жақсы корем,
Айтқан тілін алып жүрем.
Қасымда апам жүргенде,
Шаттанып ойнап күлем..

Рамазан

Мен анамды сүйемін
Құшағына енемін
Мәпелеген анамды
Қуантсам деп келемін

Қазына

Әр сөзіңді жаттаған,
Жүрегіңде сақтаған.
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ мамам.

Нұркен

Мені жақсы көреді
Күндей күліп келеді
Көп ертегі біледі
Маған айтып береді

Аяжан

Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз.
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.

С. Димаш

Баланың да тірегі
Дананың да тілегі
Ауырмасын ешқашан
Анамыздың жүрегі.

Әсем

Құтты болсын анашым
Құтты болсын мерекен
Әр кез саған тілеймін.
Ұзақ өмір жолдарын.

Сулейман

Сегізінші наурыз келді
Шаттық сезім ой келді
Аналардың күнімен
Құттықтаймыз сіздерді

9. Маймылдың қыздары кешірім сұрап кіруі.

Маймылдың қыздары бір-бірін сүйрете шығады.

2маймыл бала: Анашымнан кешірім сұрайық. Сен ғой кірлерді шашқан.

1маймыл бала: Ия бізге ренжіген шығар. Қайдағы сенғой бірінші бастаған- деп бір-бірін сүйрете аналарының қасына барады. Анасы ренжіп отырады.

2маймыл бала: Анашым бізді кешірші?

Анасы: Жоқ мен сендерге қатты ренжідім. Мен күнде сендердің кірлеріңді жуумен әлек, ал сендер бүлдіресіңдер де жүресіңдер.

1маймыл бала: Анашым біз енді бұзық болмаймыз.

Анасы: Мұнда жақсы балалар бар екен барлығы тәртіпті, олар менің көңілімді көтеріп берді.

2маймыл бала: Анашым бізді кешірші? - деп екеуі екі жағынан кешірім сұрайды. Құшақтап бетінен сүйеді.

Анасы: Жарайды қай ана баласын жек көреді дейсіңдер? Кешірдім бірақ енді бұзық болмаймыз деп уәде беріңдер.

Қыздары: Жарайды-жарайды. Анашым тағы бір нәрсе айтсақ болама?

Біз мына балалармен бірге ән айтсақ болама? Көңілімізді көтеріп, сізде бір сергін қаласыз..

Анасы: Бірақ бұзықшылық жасамайсыңдарма? –Жоқ. – Жарайды.

10. Хор: «Ата-ананы тыңдаймыз»

Анасы: Ой жарайсыңдар! Ал қыздарым енді сендер маған уәде бергендеріңді ұмытпаңдар. Жүріңдер үйге барайық, қарындарың ашқан шығар сендерге тамақ сүттеріңді берейін.

2маймыл бала: Ия қарным ашты сүт ішкім келіп тұр..

1маймыл бала: Ия ашты-ашты. Жанымм анашым сені біз қатты жақсы көреміз ғой Мерекеңізбен «Аяулы анашым!» – деп екі қызы екі жақтан құшақтап бетінен қайта - қайта сүйеді.

Анасы: Жандарым сол. Адамның жүрегін елжіретіііп жібересіңдер ғой – деп бір – бірін құшақтап, сұлу қыздарым менің сендердің де мерекелеріңмен құттықтаймын!- деп залдан шығып кетеді.

11. Тақпақтар:

Айсана

Анам мені айым дейді
Мен мұңайсам уайым жсейді
Анам мені күнім дейді
Мен қуансам күлімдейді

Жантөре

Ана пана
Ана дана
Өмірге әкелетін
Ана ғана

Нұрзия

Көктем болды алақай
Қуанар барлық балақай
Мерекеңмен анашым
Құтты болсың мейрамың

Аяла

Жанымызды жайнатқан
Сіздер ғой аналар
Зор денсаулық, мол бақыт
Тілеймін біз балалар

Муслим

Жарқын жүзді жсан анам
Сендей болсын бар адам
Сендей болса бар адам
Шаттық кетпес баладан

Т. Амина

Анам менің ақ анам
Менсіз таңы атпаған
Менсіз күні батпаған
Мен ұйықтамай жатпаған
Тірегімсің ақ анам

Бағымжан

Бізді өсірген анажан
Еңбегі де зор екен
Құтты болсын анажан!
Құтты болсын мерекең!

Жігер

12. «Көктем ханшайымы» қоштасып залдан шығады

13. «Ана әке» әні

Тәрбиеші ән айтқанда балаларға жүрек шар мен гүл беріледі

14. Қоштасу:

Жүргізуші: Ана – барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, тіршіліктің қайнар бұлағы. Қазақ әйелінің дастарханы тоқ, қонағы ырза, дүниесі түгел. Олар үшін бірінші орында отбасының берекесі тұрады. Бөбегін бесікке бөлеп, алдымен аялаған ана бақыт құшағында емес пе?!

Бір өзіңнен бастап өмір жолдарын,

Жүрегіңе, жүрегімді жалғадым.

Өзің мына сыйға берген өмірде

Ақ сүтіңді ақтап өту - арманым.

Барша ана, құтты болсын мерекеңіз

Әрқашанда ана сізбен берекеміз.

Ақтасақ ақ сүтіңді, асыл анам.

Сонда біз кісілікке теңесеміз.

Құрметті қонақтар, біздің «**Аяулы, Анашым!**» атты мерекелік кешімізді көңіл қойып тамашалағандарыңызға көп - көп рахмет.

Аяулы да қымбатты аналар балаларыңыздың жылы жүректен шыққан ыстық лебіздерін қабыл алыңыздар!

(Билеп барып аналарына өз жүректері мен ашық хаттарын ұсынады).

Көріскенше сау болыңыздар!



